

FTAMP 17.01.39

<https://doi.org/10.26577/EJPh2025199313>

**Н. Атаханова^{1*}, Ж.М. Абдрахманова²,
А.Қ. Дауткулова²**

¹Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

²Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау, Қазақстан

*e-mail: rassi68@mail.ru

АЛМАЗ МЫРЗАХМЕТ ӘҢГІМЕЛЕРІНДЕГІ КӨРКЕМДІК-ЭСТЕТИКАЛЫҚ ІЗДЕНІСТЕР

Мақалада жазушы Алмаз Мырзахметтің «Дежавю» әңгімелер жинағы қарастырылған. Жазушының жекелеген әңгімелерінің стиліне талдау жасауда оның көркемдік ізденістері анықталды. Кейіпкерлер жүйесіне жасалған талдаудан «Актрисадағы» актриса, «Бапақай» әңгімесіндегі Бапақай сияқты кейіпкерлердің тағдырымен жалғызбасты аналардың өмірін сыңға ала отырып, демография мәселесіне көңіл аударылды. Қазақ әдебиетінде 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі туралы шағын жанрдан бастап бірнеше повесть, романдардың жазылғаны әдебиет тарихынан белгілі. Жинақ атымен аталған «Дежавю» әңгімесінде Желтоқсан қаһармандарының есімін мәңгі есте сақтау мақсатымен аталған Қайрат, Ербол, Сәбира, Ләззат есімді «Тәуелсіздік құрдастарымен» кездесеміз. Тәуелсіздіктің отыз жылдығы қарсаңында Астана қаласында кездескен Астана, Өскемен, Алматы қаласы жастарының өз есімдерін мақтан етуімен әңгіменің тәрбиелік мәніне көңіл бөлінді. Шығарманың негізгі жетістігі – тәуелсіздікке тағзым жасаумен, Желтоқсан қаһармандарына деген құрметпен жастар бойында патриоттық сезім қалыптастыруында. Жазушының мазмұны мен түрі жағынан бір-біріне ұқсамайтын шағын әңгімелеріндегі өмірден алынған кейіпкерлер басынан өткен шынайы оқиғалармен өткен тарихымыз бен бүгіміз және болашағымыз туралы ой қозғайтындығы анықталды. Талдау нысанына алынған әңгімелердегі психологизм бейсаналыққа құрылған «Автопортрет» әңгімесіндегі сана ағымынан, «Теміржол қиылысында» әңгімесінде кейіпкердің түсінен көрініс тапса, «Жазушы жазбасы», «Өрт», «Қазық» әңгімелері мистикаға құрылған. Бұл әңгімелерде әруақ, елестермен бірге аса қорқынышты оқиғалардың суреттелуінен триллер мен хоррор жанрының элементтері байқалады. Көлемі жағынан екі-үш сөйлемнен тұратын «Эльдорадо» – қазіргі таңда әлем әдебиетінде кеңінен танылып, қазақ әдебиетінде де орныға бастаған миниәңгіме үлгісі. Автор ақпараттық заманда уақыттың шектеулілігіне байланысты барынша ықшам жазудың әдіс-тәсілдерін игеріп, оны ұлттық әдебиетке алып келуде. Ұлттық әдебиетті қала прозасымен байытып жүрген жазушының әңгіме жанрындағы дәстүр сабақтастығын сақтаумен бірге жаңа эксперименттер жасаудағы көркемдік ізденістері нақты мысалдармен дәйектелді.

Түйін сөздер: проза, әңгіме, миниәңгіме, психологизм, мистика, стиль, көркемдік ізденіс.

N. Atakhanova^{1*}, Zh.M. Abdrakhmanova², A.K. Dautkulova²

¹Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

²Kh. Dosmukhamedov Atyrau University, Atyrau, Kazakhstan

*e-mail: rassi68@mail.ru

Artistic and Aesthetic Searches in the Stories of Almaz Myrzakhmet

The article examines the collection of stories “Déjà vu” by the writer Almaz Myrzakhmet. The analysis of the style of individual stories by the writer revealed his artistic searches. The analysis of the character system was focused on issues of demography, criticism of the lives of single mothers and the fate of such characters as the actress in the story “Actress” and Bapakai in the story “Bapakai”. From the history of literature it is known that in Kazakh literature several stories and novellas were written about the December Uprising of 1986, starting with the small genre. In the story “Déjà vu”, named after the collection, we get acquainted with the “peers of independence” named Kairat, Yerbol, Sabira and Lyazzat, named so as to forever remember the names of the heroes of December. The educational value of the conversation was emphasized by the pride of the youth of Astana, Ust-Kamenogorsk and Almaty, who met in Astana on the eve of the thirtieth anniversary of independence. The main achievement of the work is the formation of a sense of patriotism, selflessness and respect for the heroes of December in young people. It was established that the characters of the writer's stories, different in content and form, are taken from real life and reflect our past, present and future through real life. If psychologism in the analyzed stories

is reflected in the flow of consciousness in the story "Self-portrait", which is based on the unconscious, and in the coloring of the character in the story "At the railroad crossing", then the stories "A Writer's Note", "Fire", "Pillar" are based on mysticism. These stories contain elements of the thriller and horror genres, as well as a description of extremely frightening events associated with ghosts and phenomena. "Eldorado", consisting of two or three sentences, is an example of a mini-story, which is currently widely recognized in world literature and has begun to take root in Kazakh literature. Due to the limited time in the information age, the author masters writing techniques as concisely as possible and transfers them to national literature. The writer, enriching national literature with urban prose, demonstrated his creative searches in creating new experiments, while maintaining the continuity of tradition.

Keywords: prose, story, mini-story, psychology, mysticism, style, artistic search.

Н. Атаханова^{1*}, Ж.М. Абдрахманова², А.К. Дәутқұлова²

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

²Атырауский университет имени Х. Досмухамедова, Атырау, Казахстан

*e-mail: rassi68@mail.ru

Художественно-эстетические поиски в рассказах Алмаза Мырзахмета

В статье рассматривается сборник рассказов «Дежа вю» писателя Алмаза Мырзахмета. Анализ стиля отдельных рассказов писателя выявил его художественные искания. Анализ системы персонажей был сосредоточен на вопросах демографии, критике жизни матерей-одиночек и судьбе таких персонажей, как актриса в рассказе «Актриса» и Бапакай в рассказе «Бапакай». Из истории литературы известно, что в казахской литературе о Декабрьском восстании 1986 года написано несколько рассказов и повестей, начиная с малого жанра. В рассказе «Дежавю», названном по имени сборника, мы знакомимся с «пэрами независимости» по имени Кайрат, Ербол, Сабира и Ляззат, названными так, чтобы навсегда запомнить имена героев декабря. Просветительскую ценность беседы подчеркнула гордость молодежи Астаны, Усть-Каменогорска и Алматы, встретившейся в Астане накануне тридцатилетия независимости. Главным достижением работы является формирование у молодежи чувства патриотизма, самоотверженности и уважения к героям декабря. Было установлено, что персонажи рассказов писателя, различных по содержанию и форме, взяты из реальной жизни и отражают наше прошлое, настоящее и будущее через реальный жизненный опыт. Если психологизм в анализируемых рассказах отражен в течении сознания в рассказе «Автопортрет», в основе которого лежит бессознательное, и в колорите персонажа в рассказе «На железнодорожном переезде», то рассказы «Записка писателя», «Пожар», «Столб» основаны на мистицизме. В этих историях присутствуют элементы жанров триллера и ужасов, а также описание чрезвычайно пугающих событий, связанных с привидениями и явлениями. «Эльдорадо», состоящее из двух-трех предложений, является образцом мини-рассказа, который в настоящее время широко признан в мировой литературе и начал укореняться в казахской литературе. В связи с ограниченностью времени в информационную эпоху автор осваивает приемы письма максимально лаконично и переносит их в национальную литературу. Писатель, обогащающий национальную литературу городской прозой, продемонстрировал свои творческие поиски в создании новых экспериментов, сохраняя при этом преемственность традиции.

Ключевые слова: проза, рассказ, мини-рассказ, психологизм, мистика, стиль, художественный поиск.

Кіріспе

Тәуелсіздіктің отыз жылдығы қарсаңында Алматы, Нұр Сұлтан қаласы әкімдіктерінің қолдауымен бір топ жастардың шығармалар жинағы жарық көрді. Осы қатарда Нұр Сұлтан қаласы әкімдігінің Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы, «Руханият» КММ қолдауымен қазіргі әдебиетте «тәуелсіздіктің кұрдастары» аталып жүрген жастардың «Аққайнар» поэзия антологиясы, «Өскелең» проза антологиясы оқырманға жол тартты. Сонымен бірге Б. Ахмер, С.Әбілмәжін, Б.Әліқожа, А.Байыс, Е.Бейілхан, Н.Бер-

далы, Д.Берікқажыұлы, С.Дүйсенғазы, Т.Ешенұлы, Ү.Зарыққан, Д.Кәпұлы, Р.Қабидолдин, О.Қасым, Е.Нұрахмет, Ы.Олжайұлы, Қ.Омар, О.Сәндібек, С.Сейітман, А.Табаракқызы, Т.Толқынқызы, А.Файзолла, А.Шеризат, Ж.Ысқақ тәрізді ақындардың поэзиялық кітаптарымен бірге А.Мырзахмет, Б.Қадырдың әңгімелер жинағы жарық көрді.

Алмаз Мырзахмет – қазіргі қазақ әңгімелеріне үлес қосып жүрген жас қаламгердің бірі. Алғашқы туындыларымен эксперименттік прозаның өкілі ретінде көзге түскен ол XIV «Шабыт» халықаралық шығармашыл жастар фестивалінің

«үздік әдеби шығарма» номинациясының проза жанры бойынша І орынды, Ғабиден Мұстафин атындағы жас қаламгерлер байқауының Бас жүлдені иеленіп, «Аңсар – 2015» әдеби байқауында, Ж.Тәшенов атындағы жыл қорытындысында «Жылдың үздік жас жазушысы» атанған (2016). Сонымен бірге «Рахымжан Отарбаев: әдеби сын» республикалық байқауының Бас жүлдегері (2020). Оқырман қауымға «Ханшайым» (2013), «Қала мозайкалары» (2016), «Жетірек» (2020) кітаптарымен таныс жазушының «Дежавю» (2021) әңгімелер жинағына соңғы жылдарда жазылған бір топ жаңа әңгімелері жинақталған.

Материал мен әдістер

Мақалада жазушы А.Мырзахметтің «Дежавю» әңгімелер жинағына енген мазмұны мен түрі жағынан бір-біріне мүлде ұқсамайтын «Қуыршақ», «Үшқын», «Автопортрет», «Теміржол қиылысында», «Жазушы жазбасы», «Аноним», «Өрт», «Қазық», «Тыныштық», «Көгершін», «Бақапай», «Бақсы» әңгімелеріне әдеби талдау жасалды. Жазушы әңгімелерінде психологиялық әдіс-тәсілдерді қолдануда түрлі эксперименттерге барғандығын айқындауда көркем детальдарды өзек ете талдау, әлеуметтік мәселелердің көрінісін шолып талдау, герменевтикалық талдау түрлері пайдаланылды. Образдар жүйесі мен оқиғалар жүйесіне талдау жасауда жазушының көркемдік-эстетикалық ізденістері мен стильдік ерекшеліктері айқындалып, әңгімелердің идеясын айқындау мақсатында жұмыс жасалды.

Әдебиеттерге шолу

Тақырыпты зерттеу барысында отандық және шетелдік әдебиеттанушы ғалымдармен бірге этнографтар мен фольклортанушылардың зерттеу еңбектері бағыт-бағдар берді. Отандық ғалымдардан әдебиеттегі әдеби терминдерді қарастырған М.Базарбаев, З.Ахметов, әңгіме жанрын зерттеген Р.Рүстембекова, бақсы сарыны туралы зерттеген фольклортанушы Б.Абылқасымов, бақсылардың негізгі ерекшеліктерін зерттеген этнограф З.Сәнік, алғыс пен қарғыс жанрын зерттеген фольклортанушы А.Тойшан, түс туралы А.Темирболат пен Б.Иманғалиев, «Ана» архетипі туралы Т.Нурғазиев, оқиғалар кеңістігі туралы К.Кубдашева мен М.Нурмаханова тәрізді ғалымдардың еңбектері мен жазушы әңгімелері туралы Д.Токтасынова және Н.Саршаның автормен сұхбатына сүйене отырып ой қоры-

тылды. Қазақ әдебиетіндегі ұлттық идея туралы А.Темирболаттың «Specifics of Embodiment of the National Idea in Kazakh Literature» мақаласында жан-жақты айтылса, бұл ой жазушы әңгімелерінен де көрініс тапқан (Темирболат, 2017: 435-445). G.Orda «The December Revolt Statement (Description) in Kazakh Literature» мақаласында қазақ әдебиетіндегі 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі туралы поэзиялық, прозалық, драмалық шығармаларды арнайы зерттеген болатын. Осы ой жазушының «Дежавю» әңгімесіндегі Қайрат, Ләззат, Ербол, Сәбира сияқты кейіпкерлер есімі Желтоқсан қаһармандарының құрметіне қойылғандығымен ұштастырылған.

Кейіпкерлер жүйесін зерттеуде орыс ғалымдарынан қазіргі әдебиеттің кейіпкерлері туралы О.Кандатьеваның, балалар әдебиетінің кейіпкерлері туралы А.Лотоцкаяның зерттеулері басшылыққа алынды. Рузомбероктағы католиктік университетінің оқытушысы Ivo Cermak «Genres of stories we live by» мақаласында «жанр» түсінігі мен оның өмірлік оқиғаларды пайдаланылуына назар аудара келіп, өмірден алынған оқиғаларды хикая жанры мен адам өміріндегі сабақтастық негізінде қарастырады (Cermak, 2005: 481-495). Bart Keunen «Bakhtin, Bergson and Deleuze on Forms of Time» мақаласында Бахтин, Бергсон және Делездің уақыт формалары туралы пікірлерін жинақтай келіп, хронотоп – әдеби қиялдың қарапайым бірлігі екендігін көрсетеді (Keunen, 2010: 35). Мақалада уақыт пен кеңістіктің оқиғалар жүйесі мен кейіпкерлер болмысына тікелей әсер ететіндігі талдаулармен айшықталған.

Нәтижелер мен талқылау

Жазушы «Қазақ хандығының 550 жылдығына» арналған әдеби байқауға арнап жазылған «Қуыршақ» әңгімесіне Платонның «Человек – игрушка бога. Этому – то и надо следовать. Надо жить играя» деген сөзін эпиграф етіп алып, осы ойдың астарына үңілген. Эпиграф туралы әдебиеттанушы ғалым М. Базарбаев: «Эпиграф (грек. epigraphe – жазылған сөз) – әдебиетте жеке шығармалар алдынан келтірілген үзінді, өнеге сөздер, не өлең жолдары. Әдетте жазушы айтайын деген ой-мақсатын бірден аңғарту үшін осындай қысқа қайырма тағылым сөздерді келтіреді» (Әдебиеттану, 1996: 232), – дейді. Ғалымның осы пікіріне сүйенетін болсақ, жазушы «Адамның басы – Алланың добы» екенін актрисаның тағдырымен жеткізуге тырысқан.

Әңгіменің оқиғасы актрисаның күнделікті өмір тіршілігінің бір күнінен хабар береді. Ол күнделікті әдеті бойынша ұйқыдан оянып, таңғы асын ішті. Негізгі оқиға екі бөлмелі пәтерде жалғыздан жалғыз отырған актрисаның ой ағымына құрылған. Жазушы лирикалық шегініс жасап, қасында серік болып отырған осы қуыршақтың актрисаның өміріне қалай келгенінен бастап сөз етеді. Ес білгеннен бергі бүкіл өмірі ішкі монолог, авторлық баяндау арқылы өрбиді. Ата-анасының еркесі болып өскен қыздың, бойжеткен шағында Еркебұланға ғашық болуы, төртінші курсты бітіріп жатқанда облыстық театрдың төрағасы Әмір Әшімбаевқа ұнау үшін бар өнерін салғаны баяндалады. «Актриса үлкен сахнаға айналма жолмен шыққанша, төсекті көпір қылып төте жолмен түсуді таңдады. Бұнысы шығуы оңай таудан, түсу де оңай екенін білмегеннен емес. Білгенде қандай?» (Мырзахмет, 2021: 9), – деген үзіндіден, өмірді жаңа бастаған жас маманның өнер жолын таза жолмен бастамағанын көрсетеді. Бүгінгі күнін ғана ойлаған жас актриса оның артында ұзақ ғұмыры жатқанын ойлағысы да келмеді. Осылайша сахнадағы бас рөлдерді ғана иемденіп, көпшілік көрерменнің қошеметін иеленген актриса жыл артынан жылдардың сырғып өтетініне мән бермеген. Өнер жолына тазалық керек болса, ол сахнаға шығатын таза, кірпияз жолды емес, жетістікке тез жететін жеңіл, әрі төте жолды таңдады. Оның үлкен кемшілігі де – осы еді.

Бағы өрге домалап, «Қазіргі сомдап жүрген кейіпкерім – менің шынайы бейнем...» атты сұхбаты республикалық басылым беттерінде бірнеше рет жарияланып, асығы алшысынан түсті. Уақыт жылжып өтіп, Беллара ханшайымды театрға келген жастар ойнай бастағанда, актриса өзінен өзі ысырылып, араға жылдар салып өзінің құтқарушы пайғамбары Әмір Әшімбаевтың бұйрығымен жұмыстан шығып қалады. Әңгіме жанрын жете зертеген Р.Рүстембекова: «Жазушы идеясы көркем образ арқылы танылса, шығарманың құндылығын анықтайтын белгінің бірі образ болмақ. Ал толысқан образ психологиялық тереңділікпен ұштасады», – деген болатын (Рүстембекова, 1988: 15). Осы пікірге сүйенетін болсақ, актрисаның бейнесі психологиялық тереңдікпен ашылған. Жазушы ой ағымына берілген актрисаның «Пәтердегі пері әйел», «Қуыршақтың құпиясы», «Жалғыздыққа ғашықпын...» атты моноспектакльдерді ойнауды әдетке айналдыруымен оның жан дүниесіндегі құлазуға көңіл аударған. Тіпті пәтер ішінен ашқан театрына

моноспектакльдерін тыңдауға қаланың зиялы қауымымен бірге Әмір Әшімбаевтың келетініне де күмәні жоқ. Бірақ жазушы осы қиылдың бәрі күл талқан болғанын актрисаның ғұмыр бойы өзіне серік болған қуыршағын терезеден лақтыруымен суреттеген. Себебі, оның бар ғұмыры осы қуыршақ тәрізді мәнсіз, мағынасыз өткен еді. Автор кез келген бағамен табысқа жетуді көздеген актрисаның мағынасыз тағдырымен өмірдің тәтті болмайтындығын оқырманның есіне салған. Әңгімені оқыған әр оқырман өмірдің күрес екенін түсініп, өмір жолындағы кедергілерді жеңе білуге құлшынатаыны белгілі.

«Үшқын» әңгімесіне әкесіз өскен Исраилдың ауыр тағдыры арқау болған. Анасы Мағрипаның айтуымен Мариямның Иса пайғамбарды әкесіз дүиеге әкелгені сияқты ғайыптан пайда болғанына сенгенмен, ол пайғамбар бола алмады. Өмір тепкісіне шыдай алмаған бала мектепті бітіргенмен, оқуының ақшасын тауып бере алмай оқудан шықты, жалғыз анасына көмектеспек болып жұмыс істегенмен тапқаны өзінен артылмады. Міне осындай мимырт тірліктің шылауынан шыға алмаған Исраилдың жоғалып кетуі оқырманға ой салады. Досына айтқан сөзіне сенетін болсақ, ол араб елдерінің біріне діни білім алуға кетуі мүмкін. Бірақ, әңгіме соңындағы кейіпкердің «– Екі-үш жыл бұрын қала көшелерінің бірінен ұлыңыздың мас болып, «Мен – Ииусуспын!» деп айқайлап жүргенін көріпті, – деп айтқам келді...», – деген сөзінен мақсатына жете алмаған жігіттің жігерсіздігін байқаймыз. Бір сыныпта оқып, бірге отырған ең жақын досының өмірі туралы ойланған кейіпкер Исраилдың анасының: «сені Құдай өзі берген, әкесі жоқ ерекше балалардың бірісің... Өзімнен-өзім жүкті болардың алдында түс көрдім. Түсімде аппақ арғымаққа мінген ханзада келді, сосын мені әйелдікке алып, құшағына басты... Таңертең құрсағыма сен біттің... Сенің әкең сол ханзада...», – деген ертегісіне сендіргенмен, шындықты айтпай іркіп қалды (Мырзахмет, 2021: 18). Бейбақ ана қараңғы бұрышта, жасы, ұлты, діні белгісіз бірнеше еркектің соққыға жығып, зорлап кеткенін айта алмады. О.Кандатьева «Герои современной литературы, или о некоторых парадоксальных предпочтениях молодых читателей» деген мақаласында қазіргі әдебиеттің кейіпкерлері мен жас оқырмандардың кереғар қалаулары жөнінде: «Итак, многое в высказываниях молодых читателей как будто парадоксально. Герои – авантюристы, преступники, но сильные, жилистые, с чувством юмора и большим обаянием

очень многим нравятся, особенно девушкам. Положительные как бы герои вызывают сочувствие, сожаление, но не открытую симпатию. Так оно и в жизни на самом деле происходит сплошь и рядом, увы...» – деген пікір айтады. Осы пікірге сүйенетін болсақ, қазіргі жас қаламгерлер әңгімелерінен де әдебиетте қалыптасқан, өмірімен үлгі боларлық, жағымды образдарға қарағанда жағымсыз алаяқтар бейнесі көптеп кездесетінін осы әңгімедегі Мағрипаның тағдырынан көруге болады. Қазіргі таңда қазақ әңгімелерінен де орыс әдебиетіндегі тәрізді алаяқтар мен паразиттер орын алуда. Осылайша қазіргі әдебиетте қоғамға жат алаяқ, қанішер, жауыз кейіпкерлер қатары көбеюде (Кандатьева, 2015: 2).

Жазушы стиліне тән ерекшеліктің бірі – әңгімелерінде эпиграфты пайдалану. Әңгімедегі негізгі айтпақ ойын аңғарту мақсатында алынған эпиграфтардың атқарар рөлі ерекше. «Автопортрет» әңгімесіне Пабло Пикассоның «Живопись – занятие для слепцов» деген пікірін эпиграф етіп алыпты. Осы пікірге сүйенетін болсақ, бейнелеу мен кескіндеме өнері зағиптарға арналған тәрізді көрінеді. Автор бейнелеу мен кескіндемеге қатысты осы пікірді суретшінің салған автопортретімен түсіндірген. Шағын әңгіменің оқиғасына үш ай бұрын әйелімен ажырасқанда «қабағы қатулы, көзі үңірейген, қанын ішіне тартқан адамның айнадан қарап тұрғанына ызасы келіп» айнаны сындырған суретшінің өз портретін салғаны арқау болған. Суретшінің автопортретінен кейіпкердің тағдыры туралы толыққанды ақпарат алуға болады. Суретшінің өмір бойы мазасын қашырған, жүрегін жаралаған анасының көңілдегі ойынан бір кеткен емес. Өзінің автопортретін саламын деп сан жылдар бойы жүрегін жаралаған жанның суретін салуынан сана ағымы байқалады. Әдебиеттанушы ғалымдар сана ағымы жөнінде: «Ішкі монолог – кейіпкердің ішкі ойы, өзіне өзі қарата айтылған арнауы. Көңіл-күй сырын білдіретін, эмоциялық әсерді байқататын көркемдік құралдардың бір түрі. Ішкі монолог әдебиеттегі «сана ағымымен» сарындас беру үшін қолданыла бастаған», – деген болатын (Әдебиеттану, 1996: 229). Осы пікірге сүйенетін болсақ, жазушы психологиялық анализді суретшінің автопортретіне сыйғызған: «Иә, дәл өзі! Мұрны, көзі, бетінің пошымы, да айна қатесіз! Өзі сол адамға ұқсайтын болғаны ма, әлде миының терең қатпарында жатқан бейнені санасыз әрекетпен салып тастаған ба? Бейсана әлеміндегі адам өзінің автопортреті болып алдында тұр» (Мырзахмет, 2021: 23).

Қарғыс атқыр сол күн өмір бойы мұның есінен шыққан емес. Анасының бөтен еркекпен айналасып жатуы, оның балаға ешкімге айтпа деп, қолындағы сағатын шешіп беруі, сотта әкесімен кетуі – қанша жылдан бері қыр соңынан қалмайтын елес. Осы оқиғамен жазушы суретті көзбен көрмей-ақ, санамен салуға болатынын оқырманның есіне салады. Сондықтан да ол Пабло Пикассоның пікіріне негізге алып, соған сүйеніп отыр.

Бейсаналыққа құрылған туындысы жөнінде автор бір сұхбатында былай дейді: «Автопортрет» әңгімесі бейсаналық (подсознание) әлеміне құрық бойлатқым келген, таза идеяға құрылған шығарма. Оқырманның назарын аудару үшін қолданған әдіс. Адам санасында айнаға қарауға деген қорқыныштың пайда болуын жазғым келді. Кейбір оқырмандар әңгіменің атауына иек артып, оқиғаны өз өміріңнен алдың ба дегендей сұрақ қойып жатады. Бұл мен қолданған әдіс, эксперимент жемісін берді деген сөз. Ол және басқа әңгімелеріме деген қызығушылықты оятты. Міне, сіз де сол қақпанға түстіңіз!» (Мырзахмет, 2017: 2). Автор үш беттік шағын әңгімесінде алдына қойған мақсатына жетіп, әдебиеттегі бейсаналықтың әдемі көрінісін жасаған.

«Теміржол қиылысында» әңгімесі бір қарағанда өмірде болған шынайы оқиғаға негізделген. Бірге оқыған досы Берікболдың үйлену тойына кейіпкер мен Айымның қаладан баруы, Айымның қыр соңынан қалмаған Дидармен төбелесуі шынайы болғанмен, кейіпкердің бір оқиғаны түрліше көретін түсіне қарап, кванттық өлшем бірлігін байқауға болады. А. Темирболат пен Б. Иманғалиев «Т.Қ. Жүргеновтің «Меруерт» әңгімесіндегі уақыт пен кеңістік құрылымы» мақаласында түс туралы: «Во сне главная героиня произведения выражает свои мысли и чувства, раскрывает свое отношение к событиям, происходящим в ее жизни», – деген болатын (Темирболат, 2024: 171). Ғалымдардың пікіріне сүйенетін болсақ, Адам санасында бір адамның бір мезгілді бірнеше жерде өмір сүретінін жазушы кейіпкердің ауылға баруы мен қайтуына қатысты ой ағымдарымен жеткізген.

Н. Сарша авторға қойған сауалдарының бірінде: «Кейіпкерлеріңнің көбі жалғыздық дертіне шалдыққан. Себебі неде? Сенің шығармаларыңда мистикалық, триллерлік жанр қылаң беріп қалады. Әсіресе «Теміржол қиылысында» атты әңгімең Дункан Джонстың «Исходный код» фильмін еске түсіреді», – деген пікір білдірді (Сарша, 2017: 2). Алайда, жазушының «Те-

міржол қиылысында» әңгімесі 2008 жылы жазылғанын, «Исходный код» фильмі 2011 жылы жарық көргенін еске алатын болсақ, олардың арасынан ұқсастық іздеудің қисыны жоқ. Осының өзінен өнердің арасында шекараның болмайтындығы байқалады. Қаламгерлер өздерін мазалаған сауалға жауап іздегенде, олар ұлттық деңгейден шығып, адамзатқа ортақ мәселелерді көтеретіні осы мысалдан байқалса керек.

Жазушы стиліне тән ерекшеліктің бірі – мистикалық сарын. Мистикаға құрылған «Жазушы жазбасы», «Өрт», «Қазық» әңгімелерінде әруақ, елестерге тап боламыз. «Жазушы жазбасы» әңгімесі жазушы лабораториясынан сыр шеттетіндей көрінгенмен, онда мистика басым. Он жетінші көктемінде қаладан келген жігітке алданып қалған Нүргүл мен оның құтқарушы сыныптасы Данияр туралы оқиғаны жазуды ойлаған кейіпкер жеке пәтер жалдап алғанмен шығарманы жаза алмайды. Оған кедергі болған – пәтердегі елес қыз. Ұйықтаса жанында отыратын, күндіз пәтердің ішін шарлап жүретін елес қыздан құтылу үшін пәтердегі бар дүниені бір жерге жинап, оған өрт қояды.

Д. Тоқтасынова: ««Қазық» әңгімесі батыс жазушыларының фильм болып жарыққа шығып жүрген қорқынышты фильмінен кем емес болса, «Өрт» әңгімесін оқып ұйықтамау үшін қиялыңның ұшқыр болғаны жеткілікті», – деген болатын (Тоқтасынова, 2023: 1). Жазушы осылайша, «Жазушы жазбасы», «Өрт», «Қазық» әңгімелеріне қорқынышты оқиғаларды арқау ету арқылы әдебиеттегі хоррор жанрына эксперимент жасаған. Ол оқырманға қорқыныш ұялататын әңгімелерімен мақсатына жеткен де.

Мистикаға құрылған «Өрт» әңгімесіне алдағы алты ай қысқа сақадай сай отырған ауыл адамдарының әр қораның төбесіне шөмеле-шөмеле шөп жиып алған көрінісін суреттеумен басталады. Қазақта «мысық тілеу», «мысықтың қарғысынан сақтасын!», «сүтке тиген мысықтай», «мысықтай болды», «мысық жанды», «мысықтанды» деген тіркестердің барлығы да тікелей мысық жануарына қатысты айтылған. Мысықтың қарғысы жаман болатынын түсінген халық, мысықтың қарғысына қалмауға тырысатын. Әңгіменің оқиға желісі қыстың суығында пеш ішіне тығылған мысықты байқамай, анасы пешке от жағып жіберген оқиғадан қатты шошынған баланың ауруға ұшырауымен өрбиді. Қарғыс туралы фольклортанушы А.Тойшанұлы «Қарғыс магияның бір түрі екендігі анық. Нақтырақ айтқанда, ол – қатерлі магия. Оның мақса-

ты – бағытталған нысанына қастық жасау», – деген болатын (Тойшанұлы, 2008: 183). Әңгімедегі Еркебұланның басынан өткен оқиғалар оқырманның есіне мысықтың қарғысын түсіреді. Өрт ішінде қалған мысықтың жан азабын құлағымен естіп, оттан атып шыққан мысықты көзімен көрген Еркебұлан содан қатты шошынып, белгісіз ауруға ұшырайды. Құс келгенде, құс қайтқанда ауруы мендеп, не істеп, не қойғанын білмейтіндіктен ел оны есі ауысқанға балайды. Мистикалық оқиғалар арқылы әлеуметтік-тұрмыстық мәселелер көтерілетінін еске алатын болсақ, әңгімедегі бір ауылдың шөбі өртенуінен осыны байқаймыз.

Ақтан шалдың қорасы өртенуіне тергеушілер Еркебұланды айыпкер санаумен бірге оны жындыханаға тапсыруынан адам жанының қасіреті байқалады. Көптің көзіне көрінбейтін елес, аруақтарды көретін Еркебұлан сол күнгі оқиғаны тергеушіге былай түсіндіреді:

«– Періштелер... Ақтан шалдың шөбін өртеуге барғанда алдымнан екі адам шықты. Бірінің басы жоқ, қолы шолақ, екіншісі тіпті белден төмен көрінбейді. Киімдері аппақ, түрлері сұсты. Мені Ақтан шалдың қорасына жолатпай қойды...» (Мырзахмет, 2021: 53).

Еркебұланның сандырағына сенбеген тергеуші «Мынаны «дурдомға» апарып тастаңдар» деген тапсырма берді. Мұсылман халқында қатты қорыққан адамның бойындағы үрей мен қорқынышын ілімді молдалар құран сүрелерімен оқып шығарып жатады. Еркебұланның жандүниесінде не болып жатқанынан хабарсыздар оның жанына үңіліп әуре болмауы өкінішті.

«Қазық» әңгімесіне де осындай қорқынышты оқиға арқау болған. Мектепте үздік оқып, жоғары оқу орнына түскен жігіттің беймезгіл қазасы анасы үшін құпия болғанмен, оған сыныптастары куә болған. Карта ойнап отырған Еркін қалжындап: «Мықты болсаң, өткен айда қайтыс болған Кемел марқұмның қабіріне барып, тура басы жатқан тұсқа қазық қаға аласың ба! – деп күлді. Оның ашуланып: «Қағамын!» дегеніне тағы бір-екі жігіт қолдарын сермеп: «Қой енді, қолыңнан келмейтін істі айтып, аузыңды былғама, қаға алмасаң үстіндегі судай жаңа пальтонды бізге бересің, әй, бірақ бәрібір қаға алмайсың ғой...» деген сөздермен қайрап, отқа май құйып жіберді. Пальтосы жаңа, ұзын болатын. Марқұмға жақсы жарасушы еді» (Мырзахмет, 2021: 59).

Келтірілген үзіндіден «Ойын түбінен от шыққаны» байқалады. Бірбеткей, айтқанынан

қайтпайтын жігіттің түн ортасында мүрделер мекеніне барып, түн тыныштығын қазық пен балғаның шыңылдаған даусымен бұзған сәттегі жағдайы адам шошырлық қорқынышпен суреттелген. Аруақтардың тынышын алып, оларды жатқан жерінен оятқан, өмірден өткеніне қырық күн болмаған Кемелдің бас сүйегіне темір қазық қағу – мұсылма баласында болмаған жайт. Мұсылман халқы өмірден өткен марқұмдарға өте жоғары құрмет жасап, оларды ерекше құрметтейді. Мұсылман халқында «Аруақ атқан оңбайды» деген түсінік бар.

Болған оқиға оқиғаға куәгер болған жігіттердің тергеушіге берген жауабымен толықса, тылсымның құпиялары марқұмның елесінің емшінің құлағына келіп айтқан мына сөздерімен толыққан:

«Кешіріңдер, аруақтар!»

Сосын тіземе қысып ұстап тұрған қазықтың адам бассүйегін тесіп өтіп, былжырап кеткен мидың қабір ішінде ағып жатқанын көзіммен көрдім, теріммен сездім, құлағыммен естідім...

Кемел марқұмның көрі мені ішіне қарай жұтып, тұңғиыққа әкетіп бара жатқандай. Зіл-балғаны тастай салып, тұра салып қашпақ болдым. Бірақ пальтомның етегінен әлдебір күшті қол ұстап қалды. Қайта ұрайын деп ем жібермеді.

Мен аруақтардың қаһарына ұшыраған елеспін!

Тыңда-а-а мені-і-і!» (Мырзахмет, 2021: 63).

Қабір басына Айманды сүйгені үшін барған жігіттің ісі «Ашу – дұшпан, ақыл – дос» екенін оқырманның есіне салса, оның құлағына сыбырлап тұрған екі перішті бір пендемен бірге жүретін ақ, қара періштелерін есімізге салады. Ақ періште «Тоқта-а-а-ат, деймін, аруақтарды оятасың!!!» деп ақыл айтса, қарасы «Ұрсаңшы, ұра түс!» қошеметтей жөнеледі.

«Аноним» әңгімесіне қаладан келген жас ұстаз Жанар Жұпаровнаның шәкірттерінің бірі Анонимнің тағдыр тауқыметі арқау болған. Қазақта «Ел құлағы – елу» деген сөз бар. Ол, халық айтса, қалып айтпайтынын, отыз ауыз тістен шыққан сөздің ел ішінде тез тарайтыныдығынан хабар береді. «Ел құлағы елу, Жанар Жұпаровнаның қалада бір баласы бар екен, непкесіз балаға Агдам ақсақал қарсы болып, өз қолымен жетімдер үйіне тапсыртыпты мыс» деген сөздің артында шындықтың жатқанына күмән туғызуға болмайды (Мырзахмет, 2021: 45). Сондықтан болар олармен ешкім жарытып араласпайды. Ауылда бірімен-бірі сапырылысып араласын ауыл тұрғындарының татар шалдың отбасына

жуымауының да бір себебі осы болса керек.

Жазушы ұстаз бен бала тәрбиесіне көңіл аударған. Мектеп мұғалімдері әдетте педагогикалық оқу орныны бітіреді, онда «Психология», «Педагогика» пәндері оқылатынын еске алатын болсақ, Жанар Жұпаровнаның бірінші сыныптың баласын тысқа шығып келуге жібермеуінен көп сырды аңғаруға болады. Біріншіден, сынып оқушысын үй тапсырмасын орындап келмегені үшін үзіліске шығармайды, екіншіден, сабақта мұғалімнен екі рет сыртқа шығып келуге рұқсат сұрағанмен рұқсат бермейді.

«Барлығы есімде. Сыныптастарым кетіп қалғанша мектептің артында жүрдім. Шалбарым қыстың қақаған аязымен сіресіп, мұз болып қатып қалды. Ертеңінде сабаққа бармадым, мұғалімнен қорыққаннан емес, ауырып қалғаннан...» (Мырзахмет, 2021: 46), – деген үзіндіден мұғалімнің қаталдығы салдарынан жапа шеккен баланың мүшкіл хәлін көрсек, сол істің зардабынан ол мүгедек болып қалады.

Мектепті бітіріп, жоғары білім алып суретші болған кейіпкердің жоғары қабаттан секіріп өз-өзіне қол жұмсауынан, Алланың әр пендесіне жазып берген ғұмыры бары байқалады. Қазіргі таңда ел ішінде өз-өзіне қол жұмсаудың көбейіп кеткені анық. Жазушы оқырманын ел өмірінде белең алған суицидтің астарына үңілуге шақырады. Ол суретшінің өзіне қол жұмсауының астарында алғашқы ұстазының қанишерлігі жатқанын кейіпкер сөзімен былай жеткізеді: «Мен ұрпақ тарата алмаймын... Соқыр қыран, мылқау әнші, тілі жоқ сағат көрдіңіз бе, ол – Мен!

Қарғыс атсын сізді, Жанар Жұпаровна!» (Мырзахмет, 2021: 46).

Т.Нургазиев «Қазақ әдебиетіндегі архетип және символ: психоаналитикалық талдау жасаудың кейбір мәселелері (халық хикаялары негізінде)» деген мақаласында «Ана» архетипі жағымды, жағымсыз болып, екі бағытта жүзеге асатынын айтқан болатын (Нургазиев, 2023: 163). Осы пікірге сүйенетін болсақ, Жанар Жұпаровна – қазіргі әдебиеттегі жағымсыз аналар бейнесін толықтыратын кейіпкер. «Аноним» деген сөз өз есімін жасыратын белгісіз автор дегенді білдіретін болса, автор кейіпкердің атын жасырын ұстаған. Осыған қарағанда, бұл – өмірде болған шынайы оқиға.

«Тыныштық» әңгімесінде жеті жігіттің сарқырама суын тоқтатқаны туралы аңызға жан бітірсе, «Көгершін» әңгімесіне кішкентай көгершіннің тағдыры арқау болған. Негізгі оқиға анасынан айырылған көгершіннің көзімен суреттел-

ген. Анасының басын жұлып алған қанатсыздар – қанаттыларға қандай жау болса, бұлардың ендігі жауы – мысықтар еді.

Панасыз кішкентай көгершін «Өмір не деген әділетсіз?! Кез келген мақұлық бізді өлтіре алады, бірақ ешқайсысы да өмір бере алмайды ғой?..» деген сауалымен екі аяқты адамдарға ой салған. А.Лотоцкаяның қазіргі балалар әдебиетіндегі әдеби кейіпкерлер туралы айтқан: «Современные писатели в своих произведениях пытаются показать новые реалии, что требует нестандартных подходов. Героями произведений становятся персонажи, которые еще вчера считались людьми недостойными находиться в обществе» (Лотоцкая, 2017: 2), – деген пікіріне сүйенетін болсақ, жазушы әңгімелерінде кеше ғана қоғамға жат деп табылған кейіпкерлердің кездесетінін көруге болады. Әдетте, көгершінді «Бейбітшіліктің – символы» деп оған қолымыздан келгенше қамқорлық жасайтын болсақ, әңгімедегі кейіпкердің көгершіннің басын ешқандай шімірікпей жұлып тастауы адам баласының ниет, пиғылы өзгергенін көрсетеді.

Шағын әңгімелерінде аңыз-әңгімелермен бірге өткен тарихқа тіл бітірген жазушы «Бақсы» әңгімесінде бүгінде ұмытылып бара жатқан бақсылардың тылсым күші мен күдіретіне бас иеді. Қазіргі таңда бақсылардың сарқыты Монғолияда сақталғанмен, қазақ жерінде емге табылмайды. Жазушы Арқадан табылған будда хибадатхана-сының арғы тарихынан сыр шертеді.

Алакөл даласынан ұзатылған қалмақтың Әуке ханының қызы Сетрежіп ханшайымның көші Қарқаралыдан ілгері қозғала алмай, Арқаның «Қызыл кеніш» сарай атанған жерінде қыстап қалады. Алты ай қыс қыстап қалатын болған соң, көш ішіндегі Дже Кхемпо атанған Далай ламаның айтуымен тау ортасындағы ықтасынға қызыл кірпіштен сарай салдырады. Сүйегі қаусаған жоңғардың қонтайшысына ұзатылып бара жатқан қыз жол көрсетер батырлары мен ақсақалдарын өзімен бірге ала шығады. Жолда қонтайшының батырымен күресіп жүріп белін үзіп жіберген қазақ батырына ғашық болған хан қызы одан аяғы ауыр болып көктемде жоңғар еліне жетеді. Бақсының айтуына қарағанда, суы мол, тегіс жерге егіннің бітік шықпауы – сол жерде жатқан аруақтардың тынышталмауынан. Оның айтуынша «Қызыл кенішті» күзетіп қалған қазақ батырынан туған, құралайды көзден атқан мерген, қылышкер болып өскен Шұна батырды қонтайшының өзге балалары әкесімен келісіп, садақ тарта алмайтындай етіп оң жақ бұға-

насын сындыруға келіседі. Мұны естіген батыр бір күнде қазақ даласына қашып кетеді.

«Шұна батыр қазақтар жаққа қашатын кезде анасы бір аманат тапсырыпты. «Әкеңді іздеп тап. Тірі болса менің сәлемімді жеткіз. Ал егер жаны көкке атанып кеткен болса, тәнін қара жерге тапсыр!», – дейді (Мырзахмет, 2021: 103).

Бақсының айтуынша, кейінгі кезде жергілікті халық пен көртышқан сияқты ғалымдар хибадатханада ойран салып, қабірден қазына іздегенде, батырдың қабірінің беті ашық қалыпты. Аруақтармен тілдесіп, жандарын тыныштандыру үшін Шұна батырдың аруағымен тілдескенде, оның Қалмаққырған алаңында шейіт болғаны, рухы тынышталмай, даланы кезіп жүргені анықталады. Этнограф ғалым З. Сәнік бақсылардың негізгі бес ерекшелігін атап көрсетеді: «Үшіншіден, бақсылар сұңғыла, болжампаз, сәуегей, кемеңгер ретінде өз халқының болашағын болжап, оларды қауіп-қатерден сақтандыру міндетін атқарған. Бақсылардың айтуынша, олар үнемі Жаратушымен тілдесіп тұрады-мыс» (Сәнік, 2016: 356). Фольклортанушы ғалымдар бақсы сарынын пірлерге сыйыну, жың шақыру, жың қайтару тәрізді кезеңдерге бөледі. Әңгімеге алғашқы пірлерге сыйыну бөлімі арқау болған. Ол жөнінде фольклортанушы Б.Абылқасымов: «Пірлерге сыйыну – бақсы сарындарының кіріспе бөлімі; екі саладан тұрады: әулие-әнбиелерге сыйыну, аруақтарға сыйыну. Әулие-әнбиелерге сыйыну типтері – пайғамбарлар мен мұсылмандық әулиелерге мінәжат ету, қазаққа немесе қазақ ішіндегі белгілі бір аймаққа тән баба-әулиелерге сыйыну. Аруақ шақыру типтері: атақты хан, батыр, би, байлардың аруағын шақыру, тікелей ата-баба аруағын шақыру, бақсылардың аруағын шақыру», – дейді (Абылқасымов, 2008: 219). Ғалымның осы пікіріне сүйенетін болсақ, әңгімеде бақсы аруақ шақыру арқылы Шұна батырдың аруағымен тілдесіп отырғаны байқалады.

Ана аманатын орындай алмаған батыр рухын тыныштандыру үшін көрі ашық қалған Шұна батырдың әкесінің басына барып, қой сойып құран бағыштайтынын, одан кейін Қалмаққырғанда беті жабусыз қалып, рухы тынышталмағандарға арнап тоғыз қойды құрбандыққа шалып, далаға құран бағыштайтындығын айтады. Осы кезде бақсы қазақ пен қалмақтың кескілескен соғысынан жер беті қызыл қанға бөккенін көріп отыр еді. Әңгіме: «Аспан асты мен жердің үсті қызыл қанға бөккен. Ұрыс алаңының ортасында Шұна батыр кеудесіне қадалған оқты қос қолымен ұстап, құлап бара жатыр. Жаны кеудесінен бозтор-

ғай боп ұшып шығып, зәу көкке көтеріліп кетті» деп аяқталады (Мырзахмет, 2021: 104).

Бір қарағанда, қазақ даласындағы кешегі өткен тарихтың бір қыртысына жан біткенмен, адам санасына сыймайтын тылсым құпиялар басым. Қазақ әдебиетіндегі ұлттық идеяның жүзеге асу ерекшеліктері жөніндегі А.Темірболаттың мақаласында көрсетілгендей, жазушы тылсымның сырына бақсының аруақтармен сөйлесуімен жауап берген (Temirbolat, 2017: 435-445). Бақсы, бақсы сарынын бүгінгі өмірмен үштастыруының өзі жазушының көркемдік ізденісін танытса керек.

Әңгіме жанры туралы әдебиеттанушы ғалым З.Ахметов: «Әңгімеде де, басқа жанрлар секілді, алдымен адам – оның өмірі мен тағдыры көрінуі тиіс. Аса маңызды деген оқиға суреттелуі керек. Сөйтіп әңгіме көлемі шағын шығарма болғанымен, қаламгер үшін нағыз шеберлік мектебі екеніне сөз жоқ. Оған қатыналатын кейіпкерлер де көп болмайды. Сюжет желісі бір арналы, ширақ келіп, тақырыбы мен идеясы айқын болады», – деген болатын (Әдебиеттану, 1996: 65). Ғалымның осы пікіріне сүйенетін болсақ, жазушының шағын әңгімелерінің тақырыбы мен идеясы айқын.

«Тыныштық» әңгімесіндегі «М. N» демалыс орталығы, «Бақапай» әңгімесіндегі «N. n» ықшам ауданы деген жазбалар М.Әуезовтің «С» қаласынан шыққан жолаушылар туралы әңгімелерін еске салады. Бұл жазушының әдебиеттегі жер атауларын қысқартып, жасырын берудегі үлгісі болса, оны әдебиеттегі дәстүр сабақтастығы ретінде тануға болады. «Бақапай» әңгімесіндегі өзіне ұнамайтын «зейнет демалысына» шыққан Бақыт Жақыповнаның азан шақырып қойған аты ұмытылып «Бақапай» аталып кеткені қашан. Төңірегіндегілердің бәріне ақыл айтып, ұрсып жүретін Бақапайдың бірнеше жыл бұрын өмірден өткен шалымен сөйлесіп отыратыны да қызық. Жазушы жалғыздікті кемпірдің тіршілігімен «Жалғыздық – құдайға ғана жарасатынын» оқырманның есіне салады. Таң сәріден тұрып алып, күнделікті жұмысқа баратындай автобуска мініп, кіргенмен де, шыққанмен де ұрсып жүретін кейуананың тірлігі бір қарағанда күлкілі көрінгенмен, сол юмордың астарында үлкен трагедия жатыр. Ол – қазақ арасында актриса, Бапақай сияқты кейуаналардың көбеюі. Олар – бар өмірін жұмысқа, өнерге, қызметке арнаған, өмірінің соңында қу тізелерін күшәқтап, жалғыз қалған жалғызбасты аналар еді. ХХІ ғасырда тұрмыс құрып, бала сүю Еуропа жастары-

мен бірге қазақ қыздары үшін де екінші кезекке ысырылып жатқаны – өмір шындығы болса, бұл – ұлт трагедиясы. Жазушы жекелеген кейіпкерлерінің осындай тағдырларымен біз өмір сүріп отырған қоғамның өзекті мәселелерін көтерген.

Қазіргі қазақ прозасын қала прозасымен байытып жүрген жазушының бірнеше тақырыпшаға бөлінген «Дежавю» әңгімесінің оқиғасы Қазақстанның бас қаласы Астанада өтеді. Ауылдан «Тәуелсіздік құрдастары» шарасына келген Ербол әкесінің тапсырмасымен «ескі қаланың етегінен бастап, көкжиекке қол бұлғаған жаңа қалаға дейінгі көрінісін суретке тартып алды». Әкесінің айтуынша: «Фотоапарат дегеніміз шеберлік қана емес, ол – сенің көзқарасың. Сенің мінезің, көңіл күйің. Барлығы, суреттен көрініп тұру керек». Әке тапсырмасын орындай жүріп, Бәйтеректің жанында Ләззатпен танысты.

Ербол саябаққа бара жатып бір таксиге отырған қызды бесінші сыныпта жүргенде әкесінің лейка фотоапаратын рұқсатсыз алып кетіп, сыныптастарын, мұғалімдерді суретке түсіргенін еске алды. Алтыншы сыныптан кейін Алматыдан Астанаға көшіп кеткен Сәбирамен арада бірнеше жыл өткенде, қайта кездеседі. Саябақта «Ғашықтар» композициясын таныстырып тұрған қызды даусынан таныған Ербол балалық шақтағы естеліктерін, фотоапаратпен суретке түсіргенін есіне салады. Танертең жаңбырдан қашып бір ғимаратқа тығылған Қайрат ескі концерт залында пианино тартып отырған Ләззатпен таныса, кешке Ләззаттың шақыруымен келген құрбысы Сәбира ескі танысы Ерболмен кездеседі. Bart Keunen «Bakhtin, Bergson and Deleuze on Forms of Time» мақаласында Бахтин, Бергсон және Делездің уақыт формалары туралы пікірлерін әдебиеттегі уақыт пен кеңістікпен (хронотоп) үштастырады (Keunen, 2010: 35-55). Кейіпкерлер бейнесінің түрлі кеңістікте толығып отыратыны жөнінде К.Кубдашева мен М.Нурмаханова «О. Бөкеевтің «Ардақ» әңгімесінің құрымдылық-семантикалық кешені» туралы мақаласында: «Характеры и образы персонажей раскрываются в различных пространственных измерениях», – деген болатын (Кубдашева, 2023: 143). Осы пікірлерге сүйенетін болсақ, жазушы әңгімелерінің кеңістігі кең. Сондықтан да кейіпкерлердің болмысы түрлі кеңістік өлшемдерінде толығып отырады. Желтоқсан көшесі, 16 үйде тұратын Қайрат өзін жаңа достарына төмендегіше таныстыруда:

«– Марқұм әкем Желтоқсан оқиғасының құрбаны Қайрат Рысқұлбековтің құрметіне арнайы

қойған екен. Ол өзі де алаңға шыққан. Сол үшін оқудан қуылыпты. Менен кейінгі бауырымның есімі – Ербол!

Қайрат Ерболға қарады.

– Менің Ләззат деген сіңлім бар, – деп Сәбира күлді, – өзілім емес, шын сөзім, Ләкә айтшы!

– Қайратқа сөйлеуге мүмкіндік берсеңші енді, жаным-ау! Білем ғой Ләззатты, – деді құрбысы. Қайрат қайта сөзін жалғады» (Мырзахмет, 2021: 140-141).

Қайрат таңертең жаңбырдан қашып Ләззатпен танысқанын, енді Ербол, Сәбира төртеуінің әңгімесі жарасып бір-бірімен танысып отырғанын былай түсіндірді: «Дежавю деген – бірінші рет өтіп жатқан оқиғаны бұрын болған секілді сезіну. Баяғыда басыңнан өткендей сезім кешу», – дей келіп, 1986 жылы Алматыдағы Желтоқсан көтерілісіне қатысқан төрт батырдың есімі тегін қойылмағанын, олардың сол алаңда бірге болғанын естеріне салады. Бірі Өскеменнен, екіншісі Алматыдан, үшіншісі астаналық жастардың барлығы да 1991 жылы дүниеге келген «Тәуелсіздік құрдастары» еді. Бұлар – сол желтоқсандықтар есімін иеленген жастар еді. Қайраттың: «Олар еліміздің тәуелсіздігі үшін жандарын қиды. Азаттық үшін жалындаған жастық шақтарын құрбан етті. Олар қасықтай қанымен осы егемендікке қол жеткізді. Не үшін алаңға шығып тұрғанын түсінді ғой?! Оларды алаңға алып шыққан күш – азаттыққа, еркіндікке, тәуелсіздікке деген алапат махаббат еді! Желтоқсандықтар соны аңсады. Армандады. Сол жолда жазым болды. Қорлық көрді. Атылды», – деген сөздерінің астарында желтоқсандықтарға деген құрмет, бүгінгі егемендікке деген үлкен махаббат жатыр. Әдебиеттанушы ғалым Gulzhakhan Orda «The December Revolt Statement (Description) in Kazakh Literature» мақаласында қазақ әдебиетіндегі 1986 жылғы Желтоқсан көтеріліс туралы шығармаларға талдау жасаса (Orda, 2019: 177-194), жазушы Қазақстанның түкпір-түкпірінен Астанаға барып кездескен «тәуелсіздік құрдастарының» бір күндік оқиғасымен азаттыққа, еркіндікке деген құрметтерін сыйғызған. Желтоқсан көтерілісі туралы қазақ

әдебиетінде ірілі-ұсақты қаншама шығарма жазылды. Желтоқсандықтарға «тәуелсіздік құрдастарының» көзімен қараған жазушы олардың егемендігіміз жолында жасаған ерлігін осылай тарихта қалдыруды көздеді.

Жазушы әңгімелеріне тән ерекшеліктің бірі – қысқа жазу үлгісі. ХХІ ғасыр әдебиетіне ортақ қысқа жазу үлгісі оқырманның талап-тілегінен туындаған болса, А. Мырзахмет қысқа жазу үлгісін еркін меңгерген жастардың қатарында саналады. Оның «Эльдорадо» әңгімесі осы қатардан орын алатын туынды. «Көрші қазақтың шалы қорым жақтан тауып алыпты. Темірге тапсырамын деп сұрап алдым да, тексертсем алтын екен. Екі жылдан соң ауылға барсам әлгі байғұс көршім көзіне түскен тастарды қойнына тығып, үйіне тасып жүр...» деген үш сөйлемнен тұратын әңгімеге үлкен мәселе арқау болған. Оның біріншісі – ауыл адамдарының қарапайымдылығы, аңқаулығы болса, екіншісі – «заманы тазы болса, түлкі болып шалатындардың» аңқау қариялардың, момын ауыл тұрғындарының еңбегін иемденуі.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, А. Мырзахмет – қазіргі таңда көркемдік ізденістерімен танылып жүрген, қазақ прозасын қала прозасымен байытып жүрген жастардың бірі. «Қалыптасқан шекараны бұзғысы келетін жазушымын!» деп жазушының өзі айтқандай, ол – қазіргі жастар арасында ерекше стилімен танылып, көркемдік эксперименттер жасап жүрген. Оның әңгімелерінен психологизмнің ой ағымы, оқырманмен ойнау, миға шабуыл әдістері үлкен орын алады. Кез-келген әдісті көркемдік ізденіс деп танитын болсақ, жастардың арасында түрлі әдіс-тәсілдерді еркін пайдалануымен көзге түседі. Психологизммен бірге қорқынышқа құрылған хоррор әңгімелер мен өмірден алынған шынайы кейіпкерлері аруақ, елестермен араласа жүретін мистикалық әңгімелерінен жазушының көркемдік-эстетикалық ізденістері көрінеді.

References

- Temirbolat, A.B., Imakhanbet, R.S., Orda, G.Zh., Ospanova, A.A., Omarov, T.K. (2017). Specifics of embodiment of the national idea in Kazakh literature. *Man in India*. Vol. 97(20), P. 435-445. [Electronic Resource]. URL: <http://www.scopus.com/inward/record.url?eid=2-s2.0-85072153777&partnerID=MN8TOARS> (Date of use: 21.08.2024)
- Keunen, B. (2010). Bakhtin, Bergson and Deleuze on forms of time. In N. Bemong, P. Borghart, M. De Dobbeleer, K. Demoen, K. De Temmerman, & B. Keunen (Eds.), *Bakhtin's Theory of the Literary Chronotope: Reflections, Applications,*

Perspectives. Proceedings of the workshop (27–28 June 2008). Ghent. Academia Press. [Electronic Resource]. URL: <https://d-nb.info/1096751135/34> (Date of use: 21.08.2024)

Orda, G., Khudaibergenov, N., Sarsenbayeva, Zh., Amanzhol, S., & Mursalimova, N. (2019). The December Revolt statement (description) in Kazakh literature. *Opción*. Vol. 35(89), P. 177-194. [Electronic Resource]. URL: <http://www.scopus.com/inward/record.url?eid=2-s2.0-85072153777&partnerID=MN8TOARS> (Date of use: 21.08.2024)

Cermak, I. (2005). Genres of stories we live by. *Ceskoslovenska psychologie*. Vol. 49(6), P. 481-495. Catholic University in Ruzomberok. [Electronic Resource]. URL: https://www.researchgate.net/publication/290691654_Genres_of_stories_we_live_by (Date of use: 21.08.2024)

Abylqasymov, B. (2008). Qazaq әдебиетінің тарихы. On tomдық. T. I [History of Kazakh literature. In ten volumes. Vol. I]. Almaty. QazAqparat. (in Kazakh)

Әдебиеттану терминдерінің сөздігі [Dictionary of literary terms]. (1996). Almaty. Ana tili. (in Kazakh)

Kandat'eva, O. (2015). Geroi sovremennoi literatury, ili o nekotorykh paradoksal'nykh predpochteniyakh molodykh chitatelei [Heroes of modern literature, or about some paradoxical preferences of young readers]. [Electronic Resource]. URL: <https://gazetargub.ru/?p=1965> (in Russian)

Kubdashева, Q.B., & Nurmakhanova, M.Q. (2023). Strukturno-semanticeskii kompleks rasskaza O. Bokeyeva «Ardaq» [Structural-semantic complex of O. Bokeyev's story "Ardaq"]. *Eurasian Journal of Philology Science and Education*. Vol. 190, P. 140-148. <https://doi.org/10.26577/EJPh.2023.v190.i2.ph14> (in Russian)

Lototskaya, A.A. (2017). Problemy detskoi literatury XXI veka [Problems of children's literature of the 21st century]. <https://nsportal.ru/nachalnaya-shkola/chtenie/2017/05/14/problemny-detskoy-literatury-xxi-veka> (Date of use: 21.08.2024) (in Russian)

Myrzakhmet, A. (2021). Dezhaviu: әңгімелер [Déjà vu: stories]. Nur-Sultan: Foliant. 160 p. (in Kazakh)

Myrzakhmet, A. (2017). Qazaq prozasyna qala prozasyn engizgim keledi (Súkhbattasqan Sarsha N.) [I want to introduce urban prose into Kazakh prose (Interview by Sarsha N.)]. *Адебиет порталы*. 24 April 2017. URL: <https://adebiportal.kz> (in Kazakh)

Nurgaziev, T. (2023). Qazaq әдебиетіндегі архетип және символ: психоаналитикалық талдау жасаудың кебір мәселелері (halyq hikaialary negizinde) [Archetype and symbol in Kazakh literature: some issues of psychoanalytic analysis (based on folk tales)]. *Eurasian Journal of Philology Science and Education* Vol. 192, P. 156-165. <https://doi.org/10.26577/EJPh.2023.v192.i4.ph14> (in Kazakh)

Rüstembekova, R. (1988). Qazirgi qazaq әңгімелері [Modern Kazakh stories]. Almaty. Jazushy. (in Kazakh).

Sānik, Z., Zeynollaqyzy, Zh. (2016). Qazaq etnografiyası [Kazakh ethnography]. Almaty. An Arys. (in Kazakh)

Temirbolat, A., Imangaliyev, B. (2024). Prostranstvenno-vremennaya organizatsiya rasskaza T.K. Jürgenova «Meruert» [Spatio-temporal organization of T.K. Jürgenov's story "Meruert"]. *Eurasian Journal of Philology Science and Education*. Vol. 195(3), pp. 166-174. <https://doi.org/10.26577/EJPh.2024.v195.i3.ph015> (in Russian)

Toishanuly, A. (2008). Qargys [Curse]. In *Qazaq әдебиетінің тарихы. On tomдық. T. I. Qazaq folklorynyñ tarikhı* [History of Kazakh literature. In ten volumes. Vol. I. History of Kazakh folklore]. Almaty. QazAqparat. (in Kazakh)

Toqtasynova, D. (2023). Almaz Myrzakhmettiñ «Dezhaviu» әңгімелері jinaǵy jaily [About Almaz Myrzakhmet's story collection "Déjà vu"]. *Daktil*. Vol. 41, [Electronic Resource]. URL: <https://daktilmag.kz/41/article/danila-tok'tasynova/almaz-myrzakhmettin'-%3C%3Cdezhavyu%3E> (Date of use: 21.08.2024) (in Kazakh)

Авторлар туралы мәлімет:

Нұрасила Атаханова – PhD докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Қазақстан, Алматы қ., e-mail: rassi68@mail.ru);

Абдрахманова Жұмазия Мәжитқызы – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті (Қазақстан, Атырау қ., e-mail: azhm63@mail.ru);

Дауткулова Ақмарал Қалиярбекқызы – Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасының сеньор-лекторы (Қазақстан, Атырау қ., e-mail: phdakmaral@gmail.com).

Information about the authors:

Nurasila Atakhanova – PhD student, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan, Almaty, e-mail: rassi68@mail.ru);

Abdrakhmanova Zhumaziya – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Kh. Dosmukhamedov Atyrau University (Kazakhstan, Atyrau, e-mail: azhm63@mail.ru);

Dautkulova Akmaral – Senior Lecturer, Department of Kazakh Language and Literature, Kh. Dosmukhamedov Atyrau University (Kazakhstan, Atyrau, e-mail: phdakmaral@gmail.com).

Сведения об авторах:

Нұрасила Атаханова – PhD докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: rassi68@mail.ru);

Абдрахманова Жумазия Мажитовна – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, Атырауский университет им. Х. Досмұхамедова (Атырау, Казахстан, e-mail: azhm63@mail.ru);

Дауткулова Ақмарал Қалиярбекқызы – сеньор-лектор кафедры казахского языка и литературы Атырауского университета им. Х. Досмұхамедова (Атырау, Казахстан, e-mail: phdakmaral@gmail.com).

Келіп түсті: 5 наурыз 2025 жыл
Қабылданды: 23 қыркүйек 2025 жыл